

Қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын және базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін біржолғы талон құнының мөлшері туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2009 жылғы 18 ақпандағы N 15/9 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 26 наурызда N 14-8-65 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 11/9 Шешімімен

Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2012.12.20 № 11/9 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 100-IV Заңының 36 бабына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Ордабасы аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын жеке тұлғалар үшін біржолғы талондардың құнының мөлшері 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін бір жолғы талондардың құнының мөлшері 2 қосымшаға с ә й к е с б е л г і л е н с і н .

3. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезектен
тыс XV сессиясының төрағасы Н. Е. Раманқұл
Аудандық мәслихат хатшысы Ф.О. Аташов

Ордабасы аудандық мәслихатының
2009 жылғы 18 ақпандағы
N 15/9 шешіміне 1 қосымша

Қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар үшін біржолғы талондардың құнының мөлшері

Ескерту. Тақырыпқа және 1 - қосымшаға өзгеріс енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2011.09.23 N 48/7 Шешімімен

Бір күндік сауда орны және қызмет бағасы /теңге/

N	Кәсіпкерлік қызмет түрлерінің тізбесі	Бір жолғы талонның құны (теңге)
1	Сату (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда)	
	1) Газеттер мен журналдар	70
	2) Тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материалдары (екпелер, көшет)	100
	3) Бақша дақылдарын	100
	4) Саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдер	50
	5) Қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжайларда учаскелерінің өнімдерін	100
	6) Жануарлар мен құстардың арналған жемдері	100
	7) Сыпырғылар, сыпыртқылар, орман жидегін, бал, саңырауқұлақтар, балық	100
2	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметі	200
3	Үй жануарлары мен құстарды бағуды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар	50

Ордабасы аудандық мәслихатының
2009 жылғы 18 ақпандағы
N 15/9 шешіміне 2 қосымша

Базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін бір жолғы талондардың құнының мөлшері:

Ескерту. Тақырыпқа және 2 - қосымшаға өзгеріс енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2011.09.23 N 48/7 Шешімімен

N	Тауар, жұмыс және қызмет түрлері	Бір жолғы талонның құны (теңге)
---	----------------------------------	---------------------------------

1.	Базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар қолданады	
1)	Ұн нан және тағамдары кондитерлік тауарлар	100
2)	Еттер	100
3)	Сүт, айран, қымыз, қымыран, қаймақ, шұбат, құрт	100
4)	Көкөніс, жеміс-жидектер, азық-түлік тауарлары, заттар, майлар, сусындар	100
5)	Құрғатылған жемістер	100
6)	Қыстық, жаздық және басқадай мезгілдік сыртқы, ішкі киімдер, өндірістік трикотаж заттары, маталар, бас киімдер, төсеніштер, жамылғылар, бағалы металдан жасалған заттар.	100
7)	Теле-радио, Аудио – видео аппараттар, оның бөлшектері, музыкалық аспаптар, тоңазытқыштар, кір жуатын машиналар, мәдениет тауарлары	100
8)	Кеңсе тауарлары, парфюмерия, косметика тауарлары, шұлықтар, носкилер, бижутерия, гирляндар, ойыншықтар, сағаттар, шаруашылық-тұрмыстық заттары, тауарлары, электр тауарлары.	100
9)	Құрылыс материалдар, заттар	100
10)	Ірі-кара мал, жылқылар, түйелер	200
11)	Қой, ешкі	100
12)	Құстар мен аңдар, иттер	50
13)	Жемдер	100
14)	Гүлдер	50
15)	Аяқ киім жөндеу және басқа тұрмыстық қызметтер	100
16)	Ұсақ-түйек заттары, тауарлары	50